

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
Дінтану кафедрасының докторанты Махмет Мұратханның «6D020600-
Дінтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
ұсынған «Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары» атты
диссертациялық жұмысына жазылған ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

Докторант Махмет Мұратханның диссертациялық жұмысы қазақ руханияты мен мәдени мұрасын зерттеуде өзекті әрі ғылыми тұрғыда маңызды мәселелердің біріне арналған. Ақыт Үлімжіұлы – қазақ әдебиеті мен рухани мұраның көрнекті өкілдерінің бірі. Оның шығармашылығы мен діни дүниетанымды қазақ халқының рухани және мәдени дамуында ерекше орын алады. Осыған байланысты диссертациялық зерттеудің тақырыбы ұлттың рухани тарихын тереңірек зерделеу үшін үлкен маңызға ие.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ерекше назар аударады. Диссертант Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымды жан-жақты талдау арқылы оның шығармаларындағы философиялық және діни идеяларды жүйелеп, тың тұжырымдар жасаған. Сондай-ақ, бұрын ғылыми айналымға енген дереккөздер мен материалдарды зерттеу нысаны ретінде қолдану арқылы зерттеудің ғылыми құндылығын арттырған. Махмет Мұратханның жұмысы тек діни дүниетаным мәселесін қарастырумен шектелмей, сонымен бірге оның ұлттық сана-сезімге және қазақ халқының рухани дамуына ықпалын кешенді түрде ашып көрсетеді.

Диссертацияның зерттеу әдістемесі ғылыми негізделген және жүйелі түрде құрылған. Диссертант тарихи-салыстырмалы, компаративистикалық, герменевтикалық және феноменологиялық әдістерді пайдалана отырып, Ақыт Үлімжіұлының дүниетанымдық көзқарастарын тереңірек талдаған. Бұл тәсілдер зерттеудің ғылыми дәлдігін қамтамасыз етіп, Ақыт Үлімжіұлының шығармашылығын жан-жақты талдауға мүмкіндік берген.

Практикалық маңыздылығы жағынан бұл зерттеу ұлттық рухани мұра мен діни дүниетанымды зерттеу саласында аса құнды еңбек болып табылады. Жұмыстың нәтижелері мен тұжырымдарын қазақ халқының рухани және мәдени тарихын зерттеуде, ұлттық идеологияны қалыптастыруда, сондай-ақ білім беру саласында арнайы курстар мен оқу құралдарын әзірлеуде қолдануға болады. Сонымен қатар, Ақыт Үлімжіұлының шығармаларын зерттеу арқылы қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтарды жаңаша ұғынуға мүмкіндік туады.

Диссертациялық жұмыс кіріспе, 3 бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 159 бетті құрайды.

Кіріспе бөлімінде зерттеудің өзектілігін негіздейді және зерттеу объектісі мен пәнін анықтайды. Жұмыстың мақсаты, негізгі міндеттері және қорғауға ұсынылатын ережелер тұжырымдалған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы тұжырымдалып, зерттеудің әдістемелік негізі мен диссертанттың жеке үлесі дәлелденді.

Диссертацияның алғашқы тарауында Ақыт Үлімжіұлының діни көзқарастары қалыптасқан әлеуметтік және тарихи контекст зерттелді. XIX-XX

ғасырларда Қытайдағы қазақтардың исламға негізделген мәдениеті мен өмір салтының ерекшеліктері талданды. Сол кездегі отаршылдық саясаттың діни және мәдени өмірге әсері анықталды. Ислам дінінің ханафи мәзһабының қазақ қоғамындағы орны мен оның сақталуындағы қиындықтар көрсетілді. Сондай-ақ, Ақыт Үлімжіұлының жеке тұлғасы мен шығармашылығының діни-ағартушылық рөлі, Оның поэзиясы мен еңбектері ұлттық және діни мұраны қорғауға бағытталғаны анықталды.

Екінші тарауда Ақыттың ханафи мәзһабы мен Матуриди ақидасына негізделген діни көзқарастары терең зерттелді. Исламның негізгі принциптері мен діни мәтіндердің интерпретациясы оның шығармаларында қалай көрініс тапқаны анықталды.

Ақыт шығармаларындағы адамгершілік, әділеттілік, сабыр, және рухани жетілу идеялары талданды. Ақынның қазақ қоғамындағы моральдық нормаларды қалай насихаттағаны қарастырылды. Сондай-ақ, Ақыттың поэзиясы мен жазбаларының қазақ қоғамында діни білім мен ағартушылықты дамытудағы рөлі зерттелді.

Үшінші тарауда Ақыттың шығармалары қазақ әдебиетіндегі діни жанрдың дамуына қосқан үлесі талданды. Оның шығармалары исламдық білім беру мен мәдениетті насихаттаудың негізгі құралына айналды.

Сонымен қатар, Диссертация мәтіні ғылыми дәйексөздердің барлық белгіленген ережелеріне сәйкес, библиографиялық сілтемелер дұрыс рәсімделген. Мазмұны бойынша диссертациялық зерттеу «6D020600-Дінтану» мамандығына сәйкес келеді.

Докторант Махмет Мұратханның зерттеу жұмысын орындау барысындағы ғылыми ізденіс деңгейі, дереккөздерді талдау қабілеті және өзекті мәселелерді зерттеуге деген қызығушылығы жоғары дәрежеде көрінеді. Ол зерттеу жұмысын орындау кезінде теориялық және практикалық мәселелерді терең игеріп, кәсіби шеберлік танытты. Оның ғылыми жұмысы тек қазақ қоғамына ғана емес, жалпы ислам философиясы мен мәдениетінің дамуын зерттеушілер үшін де маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, Махмет Мұратханның “Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары” атты диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Жұмыс отандық және халықаралық ғылымда маңызды деп танылатын жаңалықтар мен тұжырымдарға толы. Диссертанттың ізденісі мен жұмысының нәтижелері оның философия докторы (PhD) дәрежесін алу талаптарына толықтай сай келетінін дәлелдейді.

Отандық ғылыми кеңесші:
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті униерситеті
Ислам ілімдері факультетінің декан орынбасары
PhD, қауымдастырылған профессор
Ержан Қалмахан Сейтұлы



подпись
заверяю

қолын
растаймын

кадр бөлімі
отдел кадров